

"1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтыру енгізу туралы екінші хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 қарашадағы N 1020 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтыру енгізу туралы екінші хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Заңы

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтыру енгізу туралы екінші хаттаманы ратификациялау туралы

Душанбеде 2007 жылғы 6 қазанда қол қойылған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтыру енгізу туралы екінші хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтырулар енгізу

**т у р а л ы
ЕКІНШІ ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына қ а т ы с у ш ы м е м л е к е т т е р ,

2000 жылғы 20 маусымда қол қойылған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) және 2002 жылғы 7 қазанда қол қойылған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттама (бұдан әрі - Хаттама) негізінде Тараптардың әскери де және контртеррористік әлеуетін де дамыту мүдделерінде әскери-техникалық ынтымақтастықты одан әрі ж е т і л д і р у г е ұ м т ы л а о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Бақылау туралы хаттаманың 3-бабының екінші абзацы "ұлттық қарулы күштерінің" деген сөздерден кейін ", өзге де әскери құралымдарының, құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтерінің" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап

Осы Хаттама Бақылау туралы хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

3-бап

Осы Хаттама Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

Душанбе қаласында 2007 жылғы 6 қазанда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады.

Армения Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін

Беларусь Республикасы үшін Тәжікстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін Өзбекстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Осы арқылы бұл мәтіннің Душанбеде 2007 жылғы 6 қазанда қол қойылған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты, қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтырулар енгізу туралы екінші хаттаманың куәландырылған көшірмесімен бірдей болып табылатынын растаймын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Индустрия және сауда министрлігі

Қ а р ж ы ж әне ә к і м ш і л і к е т у

департаментінің директоры

Т. Шәріпов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК